




13-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 2-БӨЛІМ

Ерекшелік және қорғау





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Ерекшелік және қорғау

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

Директива мен Ережеде қарастырылғандай, Қауымдастықтың тіркелмеген дизайндары және Қауымдастықтың тіркелген дизайндарына, Ұлыбританияның тіркелген дизайндарына «берілген құқықты шектеуді» анықтауды Ұлыбритания Заңнамалары жүзеге асырады.

Бұл шектеулердің үшеуі кемелер мен тікұшақтарға арналғандықтан, бұл жерде оларды талқылаудың қажеті жоқ. Шектеулердің басқа төртеуі қысқа талқылауға жарайды.

Ереженің (20) 1 бабының келесідей:

Дизайндарды тіркегеннен кейін берілетін құқықтар келесідей қатынастарға қолданылмауы қажет:

- жеке коммерциялық емес мақсатта жасалатын іс-әрекетке;
- тәжірибелік мақсатта жасалатын іс-әрекетке;
- белгілі-бір деректер жасауға немесе оқытуға, егер бұл іс әрекет дизайнды жасап шығаруға үлкен шығын әкелмейтін болса және бұл іс әрекет адал саудаға сәйкес болса.

Директива және Ереже кешенді өнім түрлері мен бұзылған құқықтарға қатысты ережелерді де қамтиды. Ұлыбритания Заңы және Ереже басқа да нақты шектеулерді қарастырады. Біз оларды ары қарай қарастырамыз.

Жеке коммерциялық емес мақсатта жасалатын іс-әрекет.

Әрине, дизайндарды саудада пайдалану дизайн құқықтарын қауіптендіреді. Бірақ, коммерциялық мақсатта жасалатын іс-әрекеттерге қатысты шектелеулер болмағанымен, Қауымдастықтың дизайндар Ережесінің 20(1)(а) бабы бойынша жеке және коммерциялық емес мақсатта жасалатын іс-әрекеттерге нақты қарсылық білдіреді. 1977 жылы Патент жөніндегі Заңның 60(5)(а) бабында «жеке» және «коммерциялық емес» сөздерінің мағынасы талқыланды, және бұл Ұлыбритания тіркелген дизайндарымен Қауымдастықтың дизайндарына (тіркелген және тіркелмеген) өзгеше құрылым тағайындалады дей алмаймыз.

Тәжірибелік мақсатта жасалатын іс-әрекет.

Келесі шектеулер, тәжірибелік мақсатта жасалатын іс-әрекеттерге қатысты болып табылады. Мұндай қорғау 1977 жылы Патент жөніндегі Заңның 60(5)(б) бабында көзделген ерекшеліктермен сәйкес келеді, ал бұл шектеулерге қатысты ыңғайлы басқару мен ұсыныстарды басқа да қолайлы құқықтар қарастырады. Осыған байланысты, қорғауды жүзеге асыру өз тиімділігін көрсеткенмен, оны пайдалану сирек кездеседі. Мысалы, компания ауаға қарсы тұра алатын машина шассіінің пішінін ойлап табуға тырысады және дизайнды тесттен өткізуге бес түрін ұсынады, соның ішінде біреуі дизайн иесінің қорғауына өтеді. Әрине мұндай тест жасау құқықтың бұзылуына алып келмейтін еді.

Деректер жасау үшін немесе оқыту мақсатында жасалатын іс-әрекетті жүзеге асыру.

Келесі шектеу (деректер жасау үшін немесе оқыту мақсатында) қарастырылған іс-әрекетті жүзеге асыруға арналған.

Бұл «іс әрекетті жүзеге асыру» жағдайында:

- «адал сауда» тәжірибесімен сәйкес;
- дизайнның қажетті жөнделуіне артық залал келтірмейді;
- дереккөздерде берілген ескерту;

Қазіргі уақытқа дейін авторлық құқықпен қорғалған зат болып келген қызметтер дизайнды қорғауда кедергіге ұшырап отыр. Біз бақылағандай, кітапта немесе газетте дизайнның үш еселенген бейнесін пайдалану құқық бұзушылыққа әкелмейді, себебі кітапқа оны кешірек пайдалану ақпараттандырылған пайдаланушыға өзгеше жалпы көзқарас келтірер ма еді. Бірақ өзгеше ерекшеліктерді қамтитын дизайндарды аз мөлшерде пайдаланса да соншалықты сенімді болмауы керек.

Мысалы, мультипликациялық кейіпкер немесе логотип Ұлыбритания мен Қауымдастықтың дизайны ретінде қорғала алады және бұл дизайн қолданылған кітаптар мен журналдар сынды өнімдердің сатылымға шығуының алдын ала алады. Көзделген жағдайға сәйкес мұндай пайдалану (тәжірибемен үйлесімді «адал сауда» тәжірибесімен сәйкес; дизайнның қажетті жөнделуіне артық залал келтірмейді; дереккөздерден алынған ескерту) деректердің қорғауына мүмкіндік береді. Кітаптарға дизайндарды (мысалы, Теренсе Конране немесе Филипе Старке жөніндегі кітаптар) дизайнерлер немесе мультфильмдер мен логотиптер



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Ерекшелік және қорғау

Дәріс авторы: Құлтай Адилова

жөніндегі кітап өнімдерін өндіретін компания енгізе алады.

Көптеген қорғау элементтері қорғау оқыту немесе ескерту мақсатында қолданғандарға жүргізіледі. Мектеп мұғалімі ағаш өнері немесе металмен жұмыс кезінде қорғаудағы дизайнның белгілі ерекшеліктерінің қалай жасалғанын көрсеткісі келуі мүмкін. Бұл іс-әрекет құқықтың бұзылуына әкелмейді. Сол сияқты, дизайн немесе бейнелі тауар белгісінің құқығы бұзылып жатса да, зияткерлік меншік құқығының мұғалімі де логотипті пайдалануды оқыту процесінің бір бөлімі ретінде қарастыруы мүмкін. Қорғау өнер және дизайн мектептерінде маңыздылыққа ие болу керек. Бұл жерде оқыту мекемелерінің қызметіне дейін «оқытудың» шектеуге ұшырауына себеп жоқ. Негізінен «оқыту» оқушыларға ерекшеліктерді көрсету жеке секторларда да жүзеге асуы мүмкін. Бірақ, негізгі мақсат білім беру сипатында болуы қажет. Сондықтан, қорғаудағы поезд бейнесінің дизайнын жарнама қағазына (брошюра) пайдаланғанда, құқық бұзушылыққа әкелмейді, себебі «жарнама қағазында пайдаланған бейне белгілі-бір Зияткерлік талқылауға емес, жай ғана жарнама мақсатында пайдаланған болатын және жарнама ол ескерту белгісі болып табылмайды».

Бұл әдіс бірнеше комментаторлармен қабылданып, Нинтендоның Биг-Бенге қарсы ісінде Сот төрелігінің Сотында қарастырылды. Бұл іске сәйкес Нинтендо өзінің құқығының бұзылғанын былай түсіндірді, яғни Биг-Бен Нинтендоның қорғаудағы Уии видео-ойындар консолі мен аксессуарлар дизайнын пайдаланып, ЕО аумағында өнімдерді сатылымға шығарған және Нинтендо қорғауындағы дизайндар Биг-Бен сайтында және өнімдерінің орамдарында жарияланған, Нинтендоның қорғаудағы Уии видео-ойындар консоліне бірге пайдаланылатын аксессуарларды сатылымға шығарған. Ал, Биг-бен бұл пайдаланулар 20(1)(с) бабына сәйкес келеді деп жауап берді.

Сот шешімді Биг-Бен пайдасына шешкен соң, Нинтендо 20(1)(с) бабының көлемін соттың бірінші сатысында ашып беру жөнінде апелляцияға берді. Сот Биг-Бен пайдасына шешім шығара отырып, «қорғаудағы дизайнға қатысты өнімдер» және «бірге пайдаланылатын өнімдерді түсіндіру немесе көрсету мақсатында» сатылған тауарларға қатысты іс-әрекеттерді қорғауға қосуды бекітті.

Қорғаудағы шектеулер «жүзеге асырудағы іс-әрекеттерді» шектеулер болып тұр. Кейбір мәліметтерде өнімге қатысты мәмілелерде жүзеге асыру қамтылмаған. Бұл даусыз болып көрінуі мүмкін, себебі оқытушыға немесе студентке қорғаудағы дизайн қамтылған өнімді сатуға рұқсат беруге себеп жоқ. Осыған қарамастан, қорғау өнім пайдаланғанға дейін шектеуде болады. Бұл жағдайдан айналып өтудің бір әдісі, ол өнімнің іске асуына қатысты қатынастарда құқығы жоғары дизайн иесінің қойылған тыйымдарды түсіндіру, яғни дизайн өнімдері бейнеленген кітаптарды сату, ол өнімнің жүзеге асырылуына қатысты қатынастар болып көрінеді. Негізінен құқықты шектеу еуропалық Зияткерлік құқық түсіндіру бойынша тар мағынада талқыланса, қазіргі жағдайларға сәйкес қазіргі біз басты назар аударатын жағдай, ол кең мағынада қорғау келешектегі шектеу болып табылады. Дизайндар мен патенттерге ТРИПС арқылы таралатын, алдында Берн Конвенциясында кездескендей ескертулер мен оқытуларды қорғау үш этапты тексерудің ерекше бөлігі болып табылады.

ТРИПС ережелеріне сәйкес шектеу «дұрыс пайдалануға негізсіз кедергі келтірмеуді» және «меншік иесінің заңды әрекеттеріне негізсіз шығын келтірмеуді» қарастырса, сонымен қатар «адал саудаға сәйкес» және «дизайнның пайдалануына шектен тыс шығын келтірмеу» қажетті іс-әрекеттерді ескертеді. Сонымен бірге, енгізілген үшінші талап – ол «дереккөздерде берілген ескерту». Бұл «Қауымдастық дизайн иесіне моральдық құқыққа авторлық» беру деп түсіндіріледі.

Бұл жерде «дереккөз» өндіруші ме, дизайнер ме немесе дизайн иесі екендігі белгісіз болғандықтан, пайдаланушыларға үшеуі де ескеру ұсынылады.

Шығарылым (Exhaustion)

Импорт пайдалануға тыйым салынған тізімге кірсе де, шығарылым Қауымдастық дизайнды қатысты Ережеге сәйкес, ал Директиваға сәйкес ЕО аумағында қолданылады. Шығарылым тек ЕО орны бар және соған тиесілі болып, яғни ЕО базарларында Қауымдастық дизайн иелерімен немесе олардың рұқсатымен өнімдер таратылғанда қолданылады. Қатысушы мемлекеттер халықаралық шығарылымдарды қарастыра алмайды, себебі Директиваның ішкі нарығының ережесіне қарсы келуі мүмкін.

Тіркеу алдындағы жасалған іс-әрекеттер (тек Ұлыбританияда)

Ұлыбританияның тіркелген дизайнды қатысты шектеулер тіркеу берілген мерзім алдында жасалған іс-әрекеттерге қолданылады. Өтінім берілген күн – бұл бес жыл мерзімдік бәсекелестік басталған күн болып саналады. Бірақ, тіркеуге дейінгі өтінім белгісіз болғандықтан, дизайн иесінің өтінім мен



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Ерекшелік және қорғау

Дәріс авторы: Құлтай Адилова

тіркеу арасында жүзеге асқан іс-әрекеттерге қатысты сотқа арыз беруіне мүмкіндік беру жөнсіз болар еді. Мұндай шектеулер Директиваға сәйкес қарастырылмағанымен, бір комментатор қатысушы мемлекеттерге бұл шектеулерді еркін пайдалануды ұсынды (себебі, Директивада қарастырылмаған, Қауымдастық дизайндарының Ережесінде алдыңғы пайдаланғандарды қорғау үшін ұсынылды). Сондықтан, тіркеу өтінім берілген мерзімнен бастап 3 ай аралығында жүзеге асатындықтан, дизайн көпшілікке ұсынылған соң, дизайн иесінің өз дизайнын қорғау мақсатында Қауымдастықтың тіркелмеген дизайнды қорғауына жүгінуі мүмкін (егер болмаса Ұлыбританияның тіркелмеген дизайн қорғау құқығы және авторлық құқыққа сүйенуі мүмкін).

Тәжді пайдалану.

Директивада бұған қатысты ештеңеге рұқсат берілмесе де, Ұлыбританияда «Тәжді пайдалану»-ға қатысты белгілі ережелер сақталған. Тәжді пайдалануды қорғау, «Тәжге қызмет ету» мағынасымен Ұлыбританиядағы тіркелген дизайнды пайдалануға мемлекеттік құрылымдағы және мемлекеттік құрылымға сәйкес жазбаша уәкілеттігі бар кез келген тұлғаға пайдалануға мүмкіндік береді. Классикалық мысал – шабуыл жағдайында биологиялық және химиялық қаруларды пайдалануға ыңғайлы қару, ядролық ракета және маскарлардың дизайнды пайдалану болып табылады. Жіберілген пайданың орнына дизайн иесіне немесе лицензиатқа өтемақы төленеді. Егер сумма келісіммен шешілмесе, сот арқылы шешіледі. 2005 жылдың 1 қазанынан бастап Ұлыбританиялық Қауымдастық Дизайн Ережесі «Тәжге» Қауымдастық дизайнды пайдалануға рұқсат берді (Ұлыбританияның тіркелген дизайнды пайдалануға да компенсация сызбасына сәйкес).

Кешенді өнімдерді жөндеу: қосалқы бөлшектер.

Байқағанымыздай, «автокөліктің қосалқы бөлшектеріне дизайн құқықтарының үйлесімділігі қалай әсер ету керек еді» деген сұрақ мәселе туғызады. Осыған сәйкес, еуропа заңнамаларында қосалқы бөлшек базарындағы бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсатындағы өндіріс мәселелерін қарастыратын, қосалқы бөлшектерге қатысты ыңғайлы заң жинақтарын тұжырымдауға қабілетсіз болғанына таң қалмаймыз. Бірақ, келісімге келу Еуропалық Комиссияның жұмысының ары қарай жүзеге асуына «ырықталу» немесе қатысушы мемлекеттердің қолданыстағы заңнамалары бір-бірін қолдау қажеттілігімен болды. Еуропалық Комиссия Директиваны қабылдағаннан кейін негізгі және қосымша бөлшектерді өндірушілермен кеңес құрды, мақсат шынайы және негізгі жетістікке жету үшін ерікті келісімге келу болды. Бірақ тараптар ерікті келісімге толықтай қарсы шықты (Еуропалық Комиссияның пікірімен). Бұл сәтсіздіктерден соң Еуропалық Комиссия қосалқы бөлшектер нарығының екінші таптағы варианттарын зерттеді. Бұл зерттеулер қосалқы бөлшектерді ауыстыру немесе жөндеуден туындайтын автокөлік саласына негізделді. Осы зерттеулерге сәйкес, Еуропалық комиссия «ішкі нарыққа енудің тиімді жолы, ол екінші таптағы қосалқы бөлшектер нарығындағы дизайнды қорғау» деп шешті. Осы мақсатпен 2004 жылы Еуропалық Комиссия Директиваға шындығында жөндеуге құқық бар екендігін енгізуді ұсынды. Егер де жаңа ереже қабылданғанда, негізгі қарастыратыны «кешенді өнімнің шынайы сыртқы бейнесін орнына қайтару үшін жөндеуге берілген кешенді өнім, оның сыртқы бейнесі негізгі бөлігін құрайтындықтан, дизайнды қорғау, тек дизайн үшін ғана жүзеге аспауы қажет» болар еді. Қатысушы мемлекеттердің сапа мен қауіпсіздікке қатысты алаңдаушылығын сейілту мақсатында құраушы бөлшектердің жасалуы жөнінде толық мәліметтермен қамтамасыз ету шарт. Қосалқы бөлшектер дизайнын қорғау жөніндегі ұсыныс аяқталып, көптеген сынға ұшырап жатқанда, 2007 жылы қарашада Еуропалық Комиссия ұсынған ұсыныс құқықтық сұрақтар жөніндегі Комитеттен келісім алды. Бірақ соған қарамастан Еуропалық Комиссияның ұсынысы қабылданбады. Алдыңғы берілген ұсыныстарға қарап, әлі де бұл салаға өзгеріс ену үшін көптеген кездесіп тұрған кедергілерден өту қажет екендігін байқадық. Нәтиже болып, ұлттық заңнамның (Британдық) баламалы ережелерімен Ереже тұжырымдары болып қалды.

Негізгі алаңдаушылықтың бірі – ол Қауымдастықтың дизайн құқықтарына ұсынылған кеңестерден, яғни қосалқы бөлшектер екінші таптағы нарығында бәсекеге дайын болу үшін дизайн құқығын алғашқы өндірушілерге пайдалануға рұқсат берілмеу керек. Бұл дегеніміз, мүлік иесі мүліктің түнұсқалы бөлігі бүлінген жағдайда ол бөліктің шынайы баламасы бар екендігін білместен, сол дизайнмен ауыстыруды жүзеге асыратын болса. Кешенді өнімдерге қатысты ережелер қосылып, қорғалуға тиісті қосалқы өнімдерді қамтамасыз етіп жатқанымен, әлі де қорғалуға тиісті қосалқы бөлшектер қалып қойып жатыр (содан кейін өндірістің осы салаында бәсекелестік туындайтын еді). Көп жағдайда пайдалану жағдайында



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Ерекшелік және қорғау

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

көрініп тұратын дизайндар мен бірге қызмет атқару кезінде, яғни объектілердің қосылуы кезінде көрінетін дизайндар қорғалудан түсіп қалып жатады. Олар, мысалы көліктің есігі, сыртқы панель, бампер мен терезе сынды құрама бөлшектерді айта аламыз. Ереженің 110-бабы белгілі құрама бөлшектерге арнаған базарды реттеуді болдырмау үшін ұсынылды.

Ол былай дейді: «кешенді өнімнің шынайы сыртқы бейнесін орнына қайтару үшін жөндеуге берілген кешенді өнім, оның сыртқы бейнесі негізгі бөлігін құрайтындықтан дизайнды қорғау, тек дизайн үшін ғана жүзеге аспауы қажет». Директиваға сәйкес Британдық жүзеге асырылуы қарастырылған абсолюттік ерекшеліктерге рұқсат берілмеді және «сәйкес келу керек» деген ерекшеліктер 1949 жылғы Тіркелген Дизайн туралы Заңның 7A(5) бабымен ауыстырылды. Ол жерде тіркелген дизайн құқығының дизайнның құрама бөліктеріне қандай мақсатта пайдаланса да, құқығы бұзылмайтыны айтылған. 1949 жылғы Тіркелген Дизайн туралы Заңның 7(2) бабы «пайдалану» дизайн орналасқан базарға өнімді құру мен орналастыру мақсаты деп түсіндіреді.

Ереженің 110(1) бабының мәтініне қатысты алғашқы алаңдаушылықтар болғанда Судья Арнольд BMW-нің Раунд энд Метал-ға қарсы ісінде мәтін толық түсінікті екендігін алға тартты. Бұл істе жауапкер болып табылатын Раунд энд Метал BMW-ға арналған құйылған доңғалақтардың көшірмесін импорттап, сатқан. BMW тіркелген BMW доңғалақтарының дизайнын жауапкер импорттап және сату арқылы құқығы бұзылғанын алға тартты. Жауапкер Раунд энд Метал әрекетін 110(1) бабы қорғауды қамтамасыз ететінін айтты. Судья Арнольд 110(1) бабы дизайн иесіне берілген құқықты жоққа шығаратынын анықтады. Судья Арнольд жоққа шығару тек кешенді өнімнің сыртқы бейнесіне тәуелді қосымша бөлшектерге қолданылатынын ескертті. Қорғау жүзеге асырылады, егер өнімнің жалпы дизайнымен ауыстырылатын бөлігінің дизайны сәйкес келетін болса ғана. Тексеру «тұтынушы ауыстырылып жатқан бөліктің шынайы бірнеше түрі бар екендігінен хабардар ма?» сұрақпен жүзеге асты. Сондықтан көлік кузовы, терезе мен бамперы қорғауға жатады, ал көлік доңғалақтары қорғауға кірмейді, себебі «бір дизайндағы доңғалақты екінші дизайндағы доңғалақпен ауыстырса, таңдау абсолютті түрде жүзеге аса береді». Негізгі туындайтын сұрақ «тұтынушы қорғауды қамту үшін қандай таңдау сатысын жасауға міндетті?» Сондықтан, BMW «әр автокөліктің түріне сәйкес әсем көрінетін доңғалақтарды сатқанымен» тұтыншы әртүрлі доңғалақтарды таңдау құқығында болған. Негізінен доңғалақтар кешенді өнімнің сыртқы бейнесіне тәуелді емес. 2016 жылдың маусым айында Милан соты сот төрелігі Сотынан тұтынушы өнімнің пішініне қатысты таңдауда 110(1) баптың қолданылуын анықтауды сұрады. Бұл қорғау көлемін анықтайды деп сенеміз.

110(1) бап кешенді өнімнің жөндеу мақсатында пайдаланылатын құраушы бөліктеріне ғана қолданылады. Бұл жерде келесідей сұрақтар міндетті түрде туындайды, олар: тәжірибеде құрама бөлшектер қаншалықты қолданылады? Оның бөлігі жөнделмейтін, бүлінген, құртылған жағдайда кешенді өнімді жөндеуде қаншалықты пайдаға асатын еді? Немесе кешенді өнімді жақсарту сияқты басқа да мақсаттарға қолданылуы мүмкін бе екен? BMW-нің Раунд энд Метал-ға қарсы ісінде доңғалақ көшірмелері автокөлікті жөндеу мақсатында емес, жақсарту мақсатында пайдаланғаны анықталды. Дәлелденген фактілерге сәйкес, тұтынушы доңғалақ көшірмелері төрт жинақтан сатылғандықтан, бүлінген доңғалақты ауыстыруда аса артықшылықтарды қарастырмай, бағасына сәйкес BMW-нің бір доңғалағының орнына төрт доңғалақты жинақты пайдаланған (жинақтан шамалы қымбатырақ болған). Қорғау кешенді өнімнің «бастапқы сыртқы бейнесін» қалыпқа келтіруде пайдаланылған бөлікке жүргізіледі. «Бастапқы сыртқы бейне» деп кешенді өнімнің сыртқы бейнесі өндіруші арқылы сатылымға шыққанын айтамыз. BMW-нің Раунд энд Метал-ға қарсы ісінде бұл түсінік автокөліктің сыртқы бейнесіне дейін шектеулерде болған жоқ, яғни фабрикадан шығу кезінде өкілетті диллерлермен тағайындалған бөліктер қарастырылды. Түпнұсқалы бөліктерге тауар белгілерін жабыстыру үшін, жөндеу жүргізу жөніндегі бөлімдер қарастырылмаған. Сондықтан, автокөліктің ауыстырмалы бөліктерін өндірушілер (доңғалақ қалпағын) сауда белгісі иелерінің келісімінсіз олардың тіркелген тауар белгілері бар өнімдеріне өз тауар белгілерін жабыстыруда 110(1) бапқа сүйене алмайды.

Ерте пайдалану

Ереженің 22 бабы жарияланым мерзімі алдында қызметін жүзеге асыруға дайындалып жатқан немесе жүзеге асырып жатқан үшінші тұлғаларға құқық береді, бұл ереже 1977 жылғы Патент жөніндегі заңның 64 бабына сәйкес біреудің дизайн үстінен бәсеке құқығын тудыратын дизайнды жасырын пайдаланған тұлғаны әділетсіздікке ұшыратуы мүмкін екендігі жөнінде. Пайдаланушы құқықтан өзіне пайда алу үшін жарияланым алдында өзінің «ЕО аумағында адал иеленуші болғанын және сол мақсатқа жетуде тиімді



және шынайы дайындықта болғанын» дәлелдеу керек еді.

«Пайдаланушы құқығы» Қауымдастықтың тіркелген дизайнерларының көшірмесін пайдаланған болса берілмейді. Құқық алдыңғы пайдаланушыға «дизайнды қайта жөндеуде нақты және тиімді дайындық жүргізгенін немесе оны пайдалануға шынайы мақсатта болғанын» жарияланым алдына көрсетуге мүмкіндік береді. Ерте пайдаланушы өз қызметін басқа қызмет саласына, мысалы дизайнға жаңа бөліктер кіргізуге жариялай алмайды. Құқық лицензиялау тәсілімен пайдалануға болмайтын және бизнестің бір бөлігі ретінде берілуі мүмкін деген мағынада дербес құқық болып табылады.

2014 жылғы Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі Заңға енгізілген өзгерту, ол Ұлыбритания заңнамаларында алдыңғы пайдаланушыға құқық беру жөнінде болды. Жаңа ереже бойынша Ереженің 22 бабына ұқсас өтінім берер алдында тіркелген дизайнды адал иеленуші немесе нақты және тиімді дайындықты жүргізгені дәлелденсе, дизайнды ары қарай пайдалануға рұқсат берілді.

Сөз бостандығы

Бір сұрақ, ол алдында біз қарастырғандай сөз бостандығын шектеу және әлеуеті артқан дизайн құқығына қатысты іс-әрекетті ашу еді. Директивпен Ережеде қарастырғандай патенттік құқық үлгілерімен жасалғандай сөз бостандығын қажетті ікемдікте қамтамасыз етуде сәтсіздікке ұшырады. Тергеу дәлелдегендей, бұл олқылықты шешу үшін, кемінде бір ұлттық (британдық) сот Адам Құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенцияға сүйену керек. Плеснердің Луи Витонға қарсы ісіне тоқталсақ, суретші Надя Плеснер Жай өмір (Simple Living) деген қолында Луи Витон сөмкесі және қызғылт чихуахуа ұстаған Африка баласының бейнесін салған сурет жөнінде. Сурет Судандағы жағдайға байланысты мән берілу үшін Пэрис Хилтонға жіберілген болатын. Надя Плеснердің жұмыстарының көп бөлігі молшылыққа толы өмір мен аштықтағы жоқшылық өмір арасындағы айырмашылықтың мағынасын беруге арналған болатын. Жай өмір Надя Плеснердің жұмысының орта бөлігі болып табылатын: ол суреттегі бейне: футболкаларда, постерлерде және көрмеге шақыруларда және оның жұмыстарына жарнама ретінде көзге түсті.

Луи Витон Надя Плеснер Қауымдастық дизайнында қорғалатын өз үлгілерін суреттегі сумкада пайдаланғаны үшін арызданды.

2011 жылдың басында Гаага соты Надя Плеснерге және оның сурет галереясының жұмысына қарсы бір жақты тыйым салды, яғни «Луи Витонның тіркелген дизайнерларының құқықтарын» ары қарай бұзбау мақсатында. Надя Плеснер осы тыйым салуға қатысты сотқа арызданды. Сот Надя Плеснердің өз ойын еркін білдіру жөніндегі, Адам Құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенцияның 10 бабы, Луи Витонның меншігін қорғауда (дизайнға құқықтарын қосқанда) қарастырылған Адам Құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенцияның 1 бабынан басым түскенін түсіндірді. Өз шешімінде Сот келесідей фактілерді негіздеді:

1. «Демократиялық қоғамның басымдығында Надя Плеснердің өз өнері арқылы өз ойын жеткізу құқығы тізімінің басында тұрғандықтан»
2. Ол Луи Витон беделін коммерциялық негізде тегін пайдалануға мақсат етпегенін
3. Луи Витонның маңызды беделі, олардың басқа құқықиеленулерден де сыни пайдалануды қабылдауға міндетті.
4. Бұл шешімнің қабылдануының маңыздылығы келешекте дизайн құқығы адам құқықтарымен теңестірілуі мүмкіндігін алға тартады. Шешімнің тағы бір маңыздылығы дизайн құқығына тиесілі ролді көтерді. Тағы бір маңыздылық ол, Сот айтып кеткендей, Луи Витонның Плеснерге қарсы ісінде өз беделіне әлеуетті залал келгеніне негіздеді. Бірақ Сот нақтылағандай дизайн құқығының негізгі мақсаты өнімнің сыртқы бейнесін қорғауда болып табылады. Сонымен Сот «дизайн құқығы құқықиеленуші мен дизайн беделін қорғауға жіберіле ме?» деген сұрақты ашық қалдырды, яғни, бұл дизайн құқығының қолжетімсіз екендігінде.